отырғанымыз–материяның бір темпті (қалыпты) және жедел ырғақты (үдемелі) құбылуы (түрленуі, өзгеріске ұшырауы). Темп сөзі латынның *расе–уақыты, жылдамдығы, қадамы, ритмі, ырғағы* дегенді білдіреді. Даму (немесе өркендеу) қағидатының басты ұстанымы–аласадан орташаға, орташадан үлкенге, үлкеннен іріге қарай жүруі, яғни бірдей қадаммен дамып отыру (ілгерілеу).

Жаратылыстанушы ғалымдардың басым көпшілігі өздерінің ғылыми ізденістер жолында әрқилы материя мен соларға қатысты шамалардың өзгеру заңдылықтарына зерттеулер жүргізіп, солардың құпия-сырын ашумен ұзақ жылдар бойы айналысқан. Осы жолға өздерінің бүкіл ғұмырын сарп еткендері де аз емес. Зерттеушілердің бір тобы табиғаттың осы бір құбылысының қыр–сырын зертханаларда жүргізілген тәжірибелер арқылы іздеумен шұғылданса, философтар мен математиктер бұл мәселенің идеялық мазмұнына логикалық және математикалық астар беріп, мәселені теориялық концепцияларға айналдырды [1–4].

Тіршіліктегі өзгермелі процестердің табиғатын математикалық заңдылықтар мен теңдеулер арқылы суреттеуді мақсат тұтып, осы жолда көптеген іргелі нәтижелерге қол жеткізген адамзат тарихындағы ұлы тұлғалардың бірегейі–ағылшынның кемеңгер математигі Исаак Ньютон. Ол алғашқылардың бірі болып механикалық қозғалыстарды математикалық заңдылықтар базасында түсіндіріп берді. Нақтырақ айтқанда, ол арифметикалық амалдарды, сандардың арифметикалық және геометриялық прогрессияларын, дифференциялдау мен интегралдауды жетілдіре отырып механикалық қозғалыстың тұтас бір теориясын жасап шықты. И. Ньютон 1680–1687 жылдары аспан денелерінің қозғалысы мен тартылысқа қатысты оптикалық есептерді шығарудан *математикалық физика есептері* деп аталып кеткен механикалық есептерге түбегейлі бетбұрыс жасаған болатын. Бұл есептердің моделын (құрылымын), мазмұны мен нәтижелерін «Табиғи философияның математикалық бастамалары» атты латын тілінде жазылған 3-томдық кітабында жариялап, осы арқылы классикалық механиканың негізін құрып берді. Аталған кітаптарды физиканың математикалық негіздемесі деуге болады. Кітаптың 1-ші томында механикалық қозғалыстың кинематикалық және динамикалық теориялары ұсынылып, олардың негізгі деген тұжырымдамалары мен қорытындыларын теңдеулер (немесе формулалар) түрінде бекітті (заңдастырды). Басқаша айтқанда, И. Ньютон көптеген математикалық заңдылықтардың өмірдегі (табиғаттағы немесе тіршіліктегі) қолданылу аясын және осы заңдылықтардың практикалық маңызын айқындап берді.

Бұл кітаптарда қандай мәселелер қамтылғанын оның тақырыбынан–ақ байқауға болады: «Philosophiae Naturalis Principia Mathematica». Осының орыс тіліндегі аудармасы «Математические начала натуральной философии», ал қазақ тіліндегі сөзбе–сөз аудармасы «Табиғи философияның математикалық бастамалары» болғандықтан, біз физиканы–табиғат туралы ғылым деп жүрміз. Ал, біздің түсінігімізде *табиғат* деп айналамыздағы қоршаған ортаны, тау–тасты, өзен–көлдерді, жыл мезгілдерін т.с.с түсінеміз. Сондықтан, тақырыптағы табиғат сөзі өте тар (жұпыны) мағынада қолданылып тұрған сияқты немесе тек Жер бетіндегі ғана құбылыстар ғана қамтылып тұрғандай. Бұл сөздің орнына *тіршілік* сөзін қолдансақ та осындай жағдай қайталанбақшы. Ал егер, *жаратылыс* сөзін қолданып, осы арқылы жаратушының жаратқан барлық ғаламдық

масштабындағы дүниелерді, сондағы құбылыстар мен процестерді қамтыйтындығымызды ескерер болсақ, онда Ньютонның еңбегі сөзсіз *«Жаратылыс ілімінің (философиясының) бастауы–математика»* немесе *«Жаратылыстың барлық құпия–сыры математикада жатыр»* деген мағынаға ие болар еді. Олай болса, *физика–жаратылыс туралы ілім* немесе *жаратылыстың математикалық теориясы,* ал оның бөлімдерін *жаратылыстың нақты бір құбылыстарының математикалық моделі деп* есептеуге болатын сияқты. Осы тұжырымдамаларға байланысты физика жаратылыстану ғылымдарының басында тұр. Тәжірибе жүзінде анықталған (ашалған) заңдылықтарды түсіндіру үшін алдымен математикалық модель жасалып, ол кейіннен іргелі бір теорияға айналады.

Жаратылыстағы барлық түрдегі өзгермелі процестерге қатысты бір шаманың (параметрдің) бірқалыпты өзгеру сипаты арифметикалық прогрессия заңдылығына бағындырылған. Прогрессия–латынның *progressio–алға қарай қозғалыс* деген сөзі. Қандай да бір өзгермелі құбылысқа қатысы бар a деген шаманың (параметрдің) $a_1, a_2, a_3, \ldots$ тізбектес мәндері бір-бірінен d –ға үлкен ($a_1 < a_2 < a_3, \ldots$) немесе бір-бірінен d –ға кіші ($a_1 > a_2 > a_3, \ldots$) болса, онда $a_1, a_2, a_3, \ldots$ тізбегі a –ның *өспелі немесе кемімелі арифметикалық прогрессиясы* деп аталады. Байқап отырғанымыздай, бірқалыпты өзгеруші ретінде a болса, оны бірқалыпты өзгертуші рөлінде d болып отыр. a –ның $a_1, a_2, a_3, \ldots$ мәндері $n = 1, 2, 3, \ldots$ арқылы реттеледі, яғни $a_1, a_2, a_3, \ldots, a_n, \ldots.$ И. Ньютонның классикалық механикасы арифметикалық және геометриялық прогрессия заңдылығына негізделіп жасалғандығын дәлелдеп көрсету–осы монографияның басты мақсаты болып табылады.

Материялық денелердің механикалық қозғалыстарына арналған кинематикалық және динамикалық теорияларда механикалық шамалар екі топқа бөлінген: бірінші топтағылар–уақыт бойынша *бірқалыпты өзгерушілер*, ал екінші топтағылар–*бірқалыпты*

өзгертушілер. Өзгертушілер тобындағы шамалар өзгеріс темпіне жауап береді, сол үшін *өзгеріс жылдамдықтары* деп те аталып кеткен. Бірқалыпты өзгеретін шама мен өзгертушінің өлшемдері (табиғаты) бірдей болғанымен, өзгеріс жылдамдығының (өзгертуші шаманың) $с^{-1}$–ге өзгешелігі бар. Мысалы, мәндері бірқалыпты өзгеретін шаманың өлшемін А деп алсақ, онда өзгертуші шаманың өлшемі А/с болады [5,6].

Ньютон механикасындағы физикалық шамалардың бір-біріне тәуелділігі формулар, теңдеулер және графиктер арқылы беріліп, уақыт бойынша реттеліп отырады. Қозғалыс теңдеулеріне енетін уақыт айнымаласының дәрежесіне қарап шаманың өзгеріс сипаты жайында мәлімет алуға болады: теңдеуде уақыт айнымалысы болмаса (нөлінші дәреже), онда шаманың мәні өзгермейді деген сөз (тұрақты функция); теңдеу уақыттың бірінші дәрежесімен шектелсе, онда бұл теңдеу белгілі бір шаманың бірқалыпты өзгерісін сипаттайды (прогрессия заңдылығы немесе сызықтық функция), шаманың уақытқа бағыныштылық графигі түзу сызық болады. Осы себептен айнымалының бірінші дәрежесіндегі теңдеу *сызықтық теңдеу* немесе *прогрессия формуласы* деп аталады. Ал егер теңдеуге уақыт айнымалысының екінші дәрежесі қатысса (квадраттық теңдеу), онда бұл теңдеу өзгеруші шаманың мәндері жеделдеп (үдемелі түрде) өзгеріп жатқандығын білдіреді, оның уақытқа тәуелділігі–парабола (қисық сызық). Олай болса, Ньютон

механикасын тіршіліктегі бірқалыпты өзгерістердің прогрессия заңдылығы арқылы іске асатындығының көрнекті мысалы деп қабылдау керек.

Механикалық дене өзара тізбектескен және әртүрлі темптегі бірнеше *бірқалыпты қозғалыс күйлерінде* бола алады (әртүрлі бірқалыпты қозғалыстар). Әрине, бұл қозғалыстар әрқилы прогрессиямен сипатталатындығы заңдылық. Осы қозғалыс күйлерін (прогрессияларды) жинау (біріктіру) арқылы бір ғана прогрессиямен сипатталатын қозғалыс жасау мәселесінен дененің орташа жылдамдығын табу, дененің жазықтықтағы қозғалысы секілді механикалық есептер пайда болды. Сонымен бірге, механикада белгілі бір шаманың бірқалыпты өзгерісін жеделдету (үдету) мәселесі де қарастырылған. Өзгеруші шаманың бірқалыпты өзгерісін *шапшаңдатылған* өзгеріске ауыстырған кезде мәні тұрақты өзгертуші шамалар прогрессияға түсетіндігін аңғаруға болады. Басқаша айтқанда, өзгеруші бір шаманың мәндерінің прогрессиясын бұзу арқылы мәндері тұрақты болып келген екінші бір шаманының прогрессиясына қол жеткіземіз. Бұны математика тілінде сызықты функциядан (сызықтық теңдеуден) параболалық функцияға (квадраттық теңдеуге) ауысу деп айтады. Мақаланың келесі бөлімдерінде жоғарыда келтірілген мәселелердің жүзеге асу тетіктері толығымен дәлелді айғақтар арқылы баяндалатын болады.

Әдебиеттер

1. Б.Ә. Камал, Т.Б. Қоштыбаев, Т.Б. Дикамбай. «Кинематикалық және динамикалық теориялардың прогрессиялық негізі». Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, физика–математика ғылымдары сериясы, «Физикалық процестер мен механикалық жүйелерді модельдеу». DOI:https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.84.4.008. Том 84, № 4 (2023). 80–92 беттер.
2. Т.Б. Қоштыбаев, М.Е. Алиева, Б.Ә. Камал, Э.О. Құткелдиева. «Дененің бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстарының математикалық негіздемесі». Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, физика–математика ғылымдары сериясы, «Физикалық процестер мен механикалық жүйелерді модельдеу» DOI:https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.85.1.001. Том 85, № 1 (2024). 80–92 беттер.
3. Математические начала натуральной философии. – М.: Наука, 1989. – 688 с.
4. Қоштыбаев Т.Б. Физика. Алматы, Кемел кітап, 2024.–248 б.
5. Кудрявцев П.С. Курс истории физики. –М.: Просвещение, 1982. – 448 с.
6. Дж. У. Лич. Классическая механика –М.: ИИЛ, 1961. – 173

УДК 531.1

ПРОГРЕССИЯНЫ (СЫЗЫҚТЫҚ ФУНКЦИЯНЫ) МЕХАНИКАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЗАҢДЫЛЫҒЫНА ТҮРЛЕНДІРУ

Ж.М. Нақыпбек[1], Т.Б. Қоштыбаев[1]
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Прогрессия заңдылықтары механикалық қозғалыстардың негізгі математикалық аппараты болып табылады. Кинематика сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда *қозғалыс* дегенді білдіреді. Ең басында кинематика деп *кеңістік пен уақытты* түсінетін болған, яғни механикалық қозғалыстардың уақыт, кеңістік сипаттамаларына белгілі бір уақыт аралықтарына сәйкес келетін кесінді ұзындақтарын жатқызған. Механикада кинематикадан кейін тұрған бөлім–динамика, ол гректің *күш, қуат* деген ұғымдарына сәйкес келеді.

$a_n = a_0 + \upsilon_a n$ немесе $a_n = a_0 + a'n$ прогрессия формуласынан қозғалысты сипаттаушы кинематикалық теңдеулерге ауысу үшін мынадай алмастырулар (түрлендірулер) жасалады: материялық дене Х осінің бағытында қозғалады, сондақтан да прогрессия формуласындағы ($a_n = a_0 + \upsilon_a n$ немесе $a_n = a_0 + a'n$) a параметрі ретінде Х осіндегі дененің орындарына жауапты сандар–координаталар (x), ал $n = 1, 2, 3, \ldots$ –натурал сандардың орнына уақыт (t) мәндері алынады ($t = 0, 1, 2, 3, \ldots$). Сонда, дененің бірқалыпты қозғалыстары кезіндегі координаталарының уақыт бойынша өзгеру заңдылығы мына түрде жазылатын болады [1–3]:

$$x_t = x_0 + \upsilon_x t \qquad (1)$$

Бұл координаталардың $x_0, x_1, x_2, x_3, ..., x_n, ...$ мәндерінен құрылған арифметикалық прогрессияның формуласы болып табылады. Формула сөзі латынның *formula–forma* сөзін қысқартып алынған, ол *бейнесі, образы, түрі, кейіпі* дегенді білдіреді. Олай болса, формула–логикалық тұжырымдаманың символдық жазылу түрі (бейнесі).

$a_n = a_0 + \upsilon_a n$ заңдылын мен $y = c + вx$ түрдегі түзудің теңдеуі эквивалент екендігі белгілі. Осы екеуінен механикаға өту үшін мәндері бірқалыпты өзгеретін y–тің орнына дененің координаталары (x), ал $y_0 = c$ параметрінің орнына дене координатасының алғашқы $t = 0$ уақыт мезетіндегі x_0 мәні (прогрессияның ең алғашқы мүшесі) алынады. Прогрессия қадамы (жылдамдығы) $в$–ның орнына координата прогрессиясының υ_x жылдамдығы алынады. Осындай алмастырулардан кейін $y = c + вx$ сызықтық теңдеуі (1)–түрдегі координаталар бойынша сызықтық теңдеуге айналатынын аңғару қиын емес. (1)–теңдік *дене координаталарының бірқалыпты өзгеру заңдылығы* немесе *бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстың теңдеуі деп аталады.*

$x_t = x_0 + \upsilon_x t$ теңдеуінде бірқалыпты өзгерушінің рөлінде дененің координаталары ($x_0, x_1, x_2, x_3, ..., x_n, ...$), ал өзгерісті реттеуші (айнымалы) рөлін t атқаратын болады (1, 2–суреттер). Уақыттың 0,1,2,3,....секунд мәндеріне сәйкес келетін x–тің $x_0, x_1, x_2, x_3, ..., x_n, ...$ мәндері бір-бірінен υ_x–ке айырмашылықта болады және бұл шама x–тің *туынысы* (x'), координаталардың мәндерінің *өзгеру жылдамдығы* (υ_x) немесе 1, 2–суреттердегі L түзуінің көлбеулік бұрышын анықтайтын *бұрыштық коэффициент* ($\upsilon_x = tg\alpha$) деп

аталады. $t = 0$ мәнге координатаның x_0 сәйкес келетіні айтылды. Олай болса, $x_t = x_0 + \upsilon_x t$ теңдеуінің $a_n = a_0 + a'n$ және $y_x = y_0 + y'x$ секілді прогрессиялық түрі $x_t = x_0 + x't$ болады. υ_x>0 болғандағы $x_t = x_0 + \upsilon_x t$ сызықтық функцияның (арифметикалық прогрессияның) $x = f(t)$ тәуелділік графигі жоғары бағытталған түзу болады. Ал 2–суреттен υ_x<0 шартындағы $x_t = x_0 + \upsilon_x t$ сызықтық функцияның $x = f(t)$ тәуелділік графигі төмен бағытталған түзуі болады. $x_t = x_0 + \upsilon_x t$ теңдеуі бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстың теңдеуі екендігі жоғарыда келтірілді, түзу сызықты деп 1, 2–суреттердегідей координаталардың уақытқа тәуелділігі түзу сызық болғандығына байланысты айтылып отыр [4–6]. Көбіне осы жағдайды дененің Х осінің бағытында түзу бойымен орын ауыстырып бара жатқандығымен немесе дененің *траекториясының* түзу болғандығымен шатастырып алады.


Траектория ұғымы латынның *track–із* деген сөзінен алынған. 1, 2–суреттердегі түзулер Х осіне α бұрышпен көлбей орналасқан (немесе түзулер Х осімен α бұрыш жасайды). Түзулердің көлбеулік бұрышының тангенсі прогрессия жылдамдығына немесе y –тің *туындысына* тең екендігі айтылды:

$$tg\alpha = \frac{\Delta x}{\Delta t} = \frac{(x_2 - x_1)}{2-1}\frac{м}{c} = (x_2 - x_1)\frac{м}{c} = \upsilon_x$$


немесе

$$tg\alpha = \upsilon_x = x'$$

$x_t = x_0 + \upsilon_x t$ теңдеуінде $\upsilon_x = tg\alpha$. Ал егер υ_x–тің орнында нөл болса ($\upsilon_x = 0$), онда $x_t = x_0 + 0 \cdot t = x_0$, онда $tg0 = 0$, сәйкес α=0. Олай болса, *х*–тің тек бір ғана мәні болады да прогрессия орындалмайды. 1–суреттегі L түзуі өспелі арифметикалық прогрессияға сәйкес келеді, яғни ол *у*–тің мәндерінің бірқалыпты көбейіп жатқандығын білдіреді. Ал 2–суреттегі L түзуі дене координаталарының бірқалыпты азайып жатқандығын білдіреді, яғни ол кемімелі арифметикалық прогрессияға сәйкес келеді [7].



1 – сурет. Қозғалыс теңдеуі (өспелі прогрессия)



2 – сурет. Қозғалыс теңдеуі (кемімелі прогрессия)

Әдебиеттер

1. Б.Ә. Камал, Т.Б. Қоштыбаев, Т.Б. Дикамбай. «Кинематикалық және динамикалық теориялардың прогрессиялық негізі». Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, физика–математика ғылымдары сериясы, «Физикалық процестер мен механикалық жүйелерді модельдеу». DOI:https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.84.4.008. Том 84, № 4 (2023). 80–92 беттер.

2. Т.Б. Қоштыбаев, М.Е. Алиева, Б.Ә. Камал, Э.О. Құткелдиева. «Дененің бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстарының математикалық негіздемесі». Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, физика–математика ғылымдары сериясы, «Физикалық процестер мен механикалық жүйелерді модельдеу» DOI:https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.85.1.001. Том 85, № 1 (2024). 80–92 беттер.

3. Ворович И.И. Лекции по динамике Ньютона. Физматлит., 2010. – 602 с.

4. Белый Е.К. Прогрессии. Петрозаводск: ПГУ, 2016.– 128 с.

5. Ворович И.И. Лекции по динамике Ньютона. Физматлит., 2010. – 602 с.

6. Джавадов И.Д. За Ньютона обидно. Изобретательство, 2009. Том – 9, стр. 47–49.

7. Қоштыбаев Т.Б. Физика. Алматы, Кемел кітап, 2024.–248 б.

ТҰРАҚТЫ КҮШТЕРДІҢ ӘСЕРІНЕН МАТЕРИАЛДЫҚ НҮКТЕ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРІН ШЕШУ

А. Жанат, А. Битас, А. Ахметжанова

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі:
т.ғ.к., қауым.профессор м.а., Жаменкеев Е.К.,

Бұл жұмыс көкжиекпен α бұрышын құрайтын, көлбеу жазықтық бойымен қозғалатын материалдық нүкте қозғалысының дифференциалдық теңдеулерін құруды қарастырады. Ньютонның екінші заңы негізінде денеге әсер ететін күштерді, соның ішінде ауырлық күші мен үйкеліс күшін сипаттайтын теңдеулер тұжырымдалады.

Сонымен қатар жұмыста α көлбеу бұрышы мен үйкеліс күштері дененің орын ауыстыруы кезіндегі кинематикалық параметрлеріне әсері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері әртүрлі физикалық жүйелердегі қозғалыстарды одан әрі талдау үшін пайдалы болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Жолдасбеков Ө.А., Сағитов М.Н., Мустахишев К., Теориялық механика. Алматы: Мектеп, 1982., т.I, 1992., т.II.
2. Щербакова, Ю.В. Теоретическая механика: учебное пособие / Ю.В. Щербакова— С.: Научная книга, 2012. - 159 с.
3. Красюк А.М. Сборник заданий для расчетно-графических работ по теоретической: учебное пособие/ Красюк А.М., Рыков А.А.— Электрон. текстовые данные. - Новосибирск: Новосибирский государственный технический университет, 2013.— 164 с

ОӘК 14.25.09

ФИЗИКАДАН ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ЖҮРГІЗУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Г.А.Сағынышова, А.Т.Оразова, Ж.М.Тілек, А.Е.Жанжол

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы,Қазақстан

Белсенді оқытудың заманауи бағыты болып табылатын интерактивті оқыту танымдық қызметті ұйымдастырудың ерекше нысаны болып табылады. «Интерактивті»

ұғымы ағылшын тіліндегі «interact» («өзара әрекеттесу») сөзінен шыққан және ол нақты және болжамды мақсаттарды қамтиды. Оқытудың басқа әдістерімен салыстырғанда интерактивті әдістер білім алушылардың тек оқытушымен ғана емес, сонымен бірге өзара әрекеттесуіне бағытталған.

Оқыту үрдісі тиімді болу үшін 3 жақты қарым-қатынас болуы керек, олар: ақпараттық (ақпараттың берілуі және сақталуі), интерактивті (біріккен іс-әрекетте өзара әсердің ұйымдастырылуы), перцептивті оқыту (адамның басқа адамды қабылдауы және түсінуі).

Қазіргі білім беру жүйесінде ұстаздардан өз саласы бойынша терең білім ғана емес, оқытудың әдіс-тәсілдерін оқушы сұранысына, заман талабына сай өзгерте білу талап етіледі. Бұл, әсіресе, физика сияқты жаратылыстану ғылымдарына қатысты, өйткені күрделі ұғымдар мен теориялар тек теориялық түсінуді ғана емес, сонымен қатар практикалық қолдануды да қажет етеді.

Физика пәнінде интерактивті әдістерді қолдану - оқу процесінің сапасын арттыруға үлкен үлес қосады. Интерактивті әдістер, соның ішінде топтық жұмыс, рөлдік ойындар, виртуалды зертханалар және эксперименттер, оқушыларды сабаққа белсенді қатысуға ынталандыырып қана қоймай, олардың қызығушылығын оятады және теориялық білімді іс жүзінде қолдануға жол ашады. Интерактивті сабақтар білім алушылардың физикалық процестерді өздігінен зерттеуіне жол ашып, өз бетінше білім алуға талпындырады, нәтижесінде материалды тереңірек меңгеруге және есте сақтауға көмектеседі [1].

Интерактивті әдістер, әдетте, нақты өмірлік жағдайларды модельдеуді қамтиды. Оқытудың интерактивті формалары мен әдістерінің ерекшелігі:

- Оқу пәндері саласындағы мотивация мен қызығушылықты ынталандыру;
- Оқушылардың белсенділігі мен дербестігін арттыру;
- Сыни ойлауды, өзара әрекеттесуді, коммуникацияны талдау дағдыларын дамыту;

- Ақыл-ой белсенділігі мен өзара әрекеттесуінің арқасында өзін-өзі дамыту және дамыту.

Интерактивті әдістердің тиімділігін арттыруда интерактивті технологиялардың атқаратын рөлі зор [2].

Интерактивті технологиялар - бұл ұйымдастырудың жаңа, ең прогрессивті әдісі ұсынылған материалдың сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік беретін білім беру процесі. Бұл технологиялар жоғары өнімді модельдің жұмыс істеуінің жетекші шарты болып табылады білім беру процесінің жалпы тиімділігін едәуір жақсартуға ықпал ететін оқыту. Интерактивті технологиялар инновациялық құралдарды енгізумен тікелей байланысты: электрондытақталар, ойын кешендері, виртуальды платформалар. Заманауи жабдық материалды әр тараптандыруға мүмкіндік береді. Жарқын графикалық презентациялар мен қызықты мультимедиялық сюжеттер оқуда жоғары нәтижелілікке қол жеткізуге болады [3].

Оқушылардың зерттеушілік білік-дағдыларын қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл білік-дағдыларды қалыптастыру үшін проблемалық әдістерді физика сабақтарында тиімді қолдану керек. Қазіргі таңда, жиі қолданылатын проблемалық әдістер, олар: жоба әдісі және кейс әдісі. Бұл әдістерді практикалық сабақтарда қолдану

ыңғайлы.

Физикадағы практикалық сабақтар - бұл оқу үдерісінің маңызды бір бөлігі болып саналады. Мұндай практикалық сабақтар теориялық білімді бекітуге, физикалық заңдарды және құбылыстарды тәжірибе арқылы көрсетуге, зерттеушілік және талдау жасау дағдыларын дамытуға үлкен үлес қосады. Практикалық сабақтар білім алушыға физикалық құбылыстарды көзбен көруге, сезінуге, оларды зерттеуге және есептеулер жүргізуге мүмкіндік ашады [4].

1-кестеде практикалық сабақтардың негізгі ерекшеліктері келтірілген. Аталған кестедегі «модельдеу және симуляция» виртуалды платформалар және VR технологиясы көмегімен жүзеге асады. Бұл сандық технологиялар физика сабақтарында интерактивті әдістерді қолдануға кең мүмкіндік береді, соның ішінде Gather Town, JanusXR, Виртуалды шындық (VR) және Mozilla Hubs платформалары ерекше орын алады. Бұл платформалар физикалық процестерді модельдеуге, тәжірибелерді орындауға және оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуге жағдай жасайды [5].

1-кесте

Тәжірибе жүргізу	Практикалық сабақтардың ең басты ерекшелігі әрі тиімділігі – физикалық құбылыстарды көзбен көріп, зерттеу
Зертханалық жұмыстар	Арнайы құрал-жабдықтарды пайдалану арқылы нақты физикалық шамаларды анықтау және өлшеу мүмкіндігі
Модельдеу және симуляция	Физикада кейбір тәжірибелерді өткізу мүмкіндігі болмай қалған жағдайда, компьютерлік симуляциялар қолдануға болады. Бұл әдіс физикалық құбылыстарды көрнекі түрде түсінуге мүмкіндік береді
Есептер шығару	Практикалық сабақтарда физикалық құбылысты түсіне отырып, физикалық есептерді шығара алу маңызды. Физикалық есептерді шығара алу аналитикалық ойлау қабілетін дамытады

Виртуалды платформаларды тиімді қолдану физика пәнін оқытудың интерактивтілігін арттырып қана қоймай, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді, топтық жұмыс дағдыларын дамытады және зерттеу қабілеттерін жетілдіреді.

Қазіргі білім беру жүйесінде ұстаздардан өз саласы бойынша терең білім ғана емес, оқытудың әдіс-тәсілдерін оқушы сұранысына, заман талабына сай өзгерте білу талап етіледі. Бұл, әсіресе, физика сияқты жаратылыстану ғылымдарына қатысты, өйткені күрделі ұғымдар мен теориялар тек теориялық түсінуді ғана емес, сонымен қатар практикалық қолдануды да қажет етеді [6].

Қорытындылай келе, сандық технологиялар мен интерактивті құралдарды физика сабақтарында пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу материалдарын терең меңгеруге мүмкіндік береді. Оқытудың бұл түрі оқушылардың теориялық білімдерін практикамен ұштастырып қана қоймай, нақты өмір жағдайларына байланысты мәселелерді шешуде шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, интерактивті әдістер оқушыларды топпен жұмыс істеп, бір-бірімен жұмыс жасап,

үйренуге әрі үйретуге, өз ойын еркін білдіруге ынталандырады. Мұндай тәсілдер физика пәнін оқыту сапасын арттырып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді, бұл өз кезегінде жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеулерге дайындығын жақсартады.

Әдебиеттер

1. Умарова Г. Внедрение интерактивных методов преподавания курса физики и анализ результатов педагогического эксперимента //Namangan davlat universiteti Ilmiy axborotnomasi. – 2023. – №. 8. – С. 772-780.

2. Эйшинский Е. Р. Интерактивные методы проведения практических занятий по физике //труды VIII региональной научно-практической конференции" актуальные вопросы науки, техники и образования". – 2015. – С. 121-123.

3. Гаджиева Л. С., Аббасова Г. Д., Ровшан С. Г. Интерактивный метод обучения на уроке физики //Кронос. – 2020. – №. 2 (41). – С. 16-19.

4. Радулович Б., Стоянович М. Эффективность преподавания физики через призму субъективной оценки умственных усилий учащихся (пер. С англ.) //Вопросы образования. – 2019. – №. 3. – С. 152-175.

5. Погибельская Н. Б., Погибельский А. П. Применение интерактивных методов на занятиях по физике //Редакционная коллегия. – 2018. – С. 67.

6.Prince, M. (2004). Does Active Learning Work? A Review of the Research. Journal of Engineering Education, 93(3), 223-231.

ОӘК: 14.25.09

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ ФИЗИКА ПӘНІНЕН ТАҚЫРЫПТАРДЫ ТҮСІНДІРУ КЕЗІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өмірбекова Л. А., Махмұт А.Д., Мақұлбек Г.К., Есімбек Б.Қ.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы,
Қазақстан

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесі білім алушылардың тапсырмаларды орындау барысында ақпаратпен өз бетінше жұмыс істеудің шығармашылық ізденушілік дағдыларын меңгеру міндетін қояды. Сол себепті, мұғалімдердің алдында білім алушыны қажетті білім құралдарымен қалай қаруландыру керек деген сұрақ тұруы тиіс. Мақалада осы сұраққа жауап бере отырып, проблемалық оқыту әдісін физика сабақтарында қолдану қарастырылады. Бұл әдіс негізінде сабақты ұйымдастыру, ол проблемалық жағдайлар жасау арқылы білім алушылардың ойлау және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру

жолдарын қарастырады. Кәсіби шебер мұғалім әр сабағын ұйымдастырғанда замануи талаптарға сай интерактивті әдістерді қолдана білуі қажет. Аталған мақалада MultiSIM және COMSOL платформалары, PhET.Colorado интерактивті әдісі мен проблемалық әдісті қолдана отырып сабақты өткізу талқыланады.

Бұл интерактивті әдістерді қолданудың негізгі тиімділік көрсеткіштері:

- кез келген оқыту формасында эксперименттер жүргізу мүмкіндігі;
- орындалған жұмыс сапасына объективті баға алу;
- алынған нәтижелерді талдау;
- тәжірибеде қолдану арқылы ғылыми ойлауды қалыптастыру.

Жоғарыда айтылған әдістерді, физиканың кез-келген типтегі сабақтарында тиімді қолдануға болады. Атап айтқанда, PhET Colorado – білім алушыларға цифрлық форматта практикалық эксперименттер арқылы физикалық құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік беретін виртуалды модельдеуді қамтамасыз ететін платформа [1].

Мысалы, оптиканы оқыту контекстінде PhET-ті қолдану бізге мынадай мүмкіндіктер береді:

1. Дерексіз құбылыстарды визуализациялау: PhET симулятор ретінде жарықтың сынуы, шағылыуы және дифракциясы сияқты күрделі ұғымдарды немесе құбылыстарды білім алушылардың қабылдауына сай визуалды түрде көрсетеді [2]. Онымен қоса, білім алушылардың нақты уақытта бақылауға және олардың түсінігін жақсарту үшін параметрлерді (мысалы, жарықтың түсу бұрышы немесе сыну көрсеткіші) өзгертуге мүмкіндік береді.
2. Интерактивтілік және эксперимент: Білім алушылар әртүрлі оптикалық жүйелермен (мысалы, линзалар, айналар, призмалар) олардың параметрлерін өзгерту және нәтижелерді бақылау арқылы тәжірибе жасай отырып, белсенді әрекеттестік ғылыми әдісі мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі [3].
3. Оқытудың қол жетімділігі және икемділігі: PhET модельдеулері білім алушыларға қайталанатын эксперименттер арқылы өз қарқынымен оқуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе линзалардағы кескіндерді құру немесе жарықтың сыну заңдары сияқты күрделі тақырыптарды үйрену кезінде пайдалы [3].
4. Мотивациялық және тартымды: Интерактивті модельдеу физика пәнін қызықты әрі тартымды етіп, білім алушылардың оған деген қызығушылығын арттырады және жақсы нәтижелерге жетуге көмектеседі.

PhET-те бағалау жүйесі дайындық деңгейіне қарамастан әрбір білім алушы бағалау іс-әрекетіне қосылып, өзін-өзі бағалау тәжірибесін ала алатындай құрылымдалған. Бұл мұғалімнің де, білім алушының да рефлексиялық дағдыларын дамытуға қолайлы жағдай туғызады.

Қазіргі заманғы PhET әзірлемелер күрделі физикалық процестерді зерттеу үшін барған сайын маңызды құралға айналатын интерактивті модельдеуді қамтамасыз етеді.


Осылайша, PhET интерактивті әдіс ретінде білім алушыларға визуалды және басшылыққа алынатын эксперименттер арқылы күрделі физикалық принциптерді түсінуді арттыра отырып, оптика туралы терең және практикалық білім алудың бірегей мүмкіндіктерін береді.

Сондай-ақ, физикалық құбылыстарды түсіндіруде немесе модельдеуде физика пәнінің мұғалімі жиі арнайы бағдарламалар мен платформаларды қолданады. Қазіргі таңда, COMSOL Multiphysics және MultiSIM платформалары сәтті қолданысқа ие. Олар өз кезегінде күрделі физикалық процестерді модельдеуге, электротехникалық білім беруге арналған әмбебап құрал. Сондай-ақ, COMSOL Multiphysics пакеті жеке дифференциалдық теңдеулермен сипатталатын барлық физикалық процестерді модельдеуге мүмкіндік беретін өнімділігі жоғары бағдарлама болып табылады [4].

COMSOL Multiphysics негізгі ерекшеліктері [5]:


1. Теорияны визуализациялау және оны тәжірибемен бекіту.
2. Кеңейтілген модельдер кітапханалары (100-ден астам дайын мысалдар).
3. Интерактивті тәжірибелер мен виртуалды зертханалар.

Оқытушылар үшін COMSOL бағдарламасы арқылы көрнекі материалдар дайындау оңай. Сабақ барысында әртүрлі модельдерді пайдалану арқылы күрделі құбылыстарды түсіндіру тиімдірек болады. 1-суретте COMSOL Multiphysics платформасы арқылы жасалған модельдер көрсетілген. COMSOL-ды білім алушылардың ғылыми жобалары үшін пайдалана отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және ғылыми зерттеулер жүргізуге бағыттауға болады. Жобалар аясында оқытушы білім алушыларға тапсырма берсе, физикалық процестерді өз бетінше модельдеу мүмкіндігін беру білім алушыларға ғылымды терең түсінуге көмектеседі [6]. COMSOL әр білім алушыға дербес жобалар немесе тапсырмалар дайындау мүмкіндігін ұсынады. Әртүрлі модельдерге өзгерістер енгізу арқылы білім алушылар теорияны өз бетімен зерттей алады.



Сурет 1. COMSOL Multiphysics платформасы арқылы жасалған модельдер

MultiSIM – құрылғылардың электрондық және электрлік тізбектерін модельдеуге және есептеуге арналған бағдарлама. MultiSIM бағдарламасы 2-суретте көрсетілгендей құрылғылардың кең ауқымы кіріс әсерлерін орнатуға, әртүрлі шамаларды өлшеуге және графиктерді құруға мүмкіндік береді [7].



Сурет 2. MultiSIM бағдарламасы арқылы жасалған тізбек

MultiSIM бағдарламасының ерекшеліктері [7]:

- **Интуитивті интерфейс** — қолданушыға ыңғайлы және жеңіл жұмыс істеу мүмкіндігін береді.
- **Цифрлық және аналогтық симуляция** — аналогтық және цифрлық схемаларды біріктіруге мүмкіндік береді.
- **Графикалық визуализация** — схемаларды көрнекі түрде көрсету.
- **Интерактивті эксперименттер** — виртуалды зертханалар мен эксперименттер жүргізу мүмкіндігі.
- MultiSIM бағдарламасымен қоса, multiSIM web-сайты бар.

Зертханалық жұмыстың құрастырылған циклін оқу үрдісінде пайдалану MultiSIM құралына негізделген:

– цифрлық есептеулердің арифметикалық және логикалық негіздері бойынша теориялық білімдерін бекіту;

–компьютерлік технологияның цифрлық құрамдастарын жобалауда практикалық дағдыларды меңгеру;

–компьютерлік жүйелердің сандық логикалық деңгейінің архитектуралық компоненттерін компьютерлік модельдеу дағдыларын меңгеру.

Multisim симмуляторының негізгі ерекшелігі қарапайым визуалды интерфейс, модельдеу нәтижелерін графикалық талдауға арналған қуатты құралдар және нақты аналогтарды көшіретін виртуалды өлшеу құралдарының болуы. Бұл симуляторды пайдалана отырып, білім алушылар прототиптер жасау және схемаларды жобалау негіздері туралы білімдерін тереңдету арқылы теориядан тәжірибеге оңай ауыса алады.
Қорыта келгенде, физика сабақтарында интерактивті әдістерді тиімді қолдану білім алушылардың ынтасын арттырып, сыни тұрғыдан ойлай алуы мен зерттеушілік білік-дағдыларын қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Wieman, C. E., & Perkins, K. K.* (2005). Transforming Physics Education. Physics Today, 58(4), 36-41
2. Perkins, K. K., & Wieman, C. E.* (2005). Promoting Active Learning Using PhET Simulations. Physics Education Research Conference Proceedings
3. PhET Interactive Simulations. (n.d.). *PhET Colorado. Retrieved from https://phet.colorado.edu
4. https://portal.tpu.ru/portal/page/portal/DITE/dite_Structure/lab05_SAPR/Comsol
5. https://www.comsol.com/paper/teaching-simulation-methods-with-comsol-multiphysics-18331
6. https://univer.kaznu.kz/abiturient_spec/details/1705/
7. https://portal.tpu.ru/portal/page/portal/DITE/dite_Structure/lab05_SAPR/Comsol

УДК 533.15:536.25

ИЗОТЕРМАЛЫҚ КӨПКОМПОНЕНТТІ ГАЗ ҚОСПАЛАРЫНДАҒЫ КОНВЕКТИВТІ ТҰРАҚСЫЗДЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІН СИПАТТАУ

А. У. Теміржанова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Кілт сөздер: диффузия, конвекция, тұрақсыздық, газдар, концентрация, қысым.

Көмірсутек шикізатын өндірудің заманауи технологиялары, табиғи құбылыстарды болжау Сұйықтықтар мен газдардағы жылу мен массаны тасымалдау процестерін барабар сипаттауды қажет етеді. Көп компонентті қоспаларды сипаттаудағы қиындықтар жылу мен массаны тасымалдаудың бірнеше механизмдерінің болуымен анықталады [1]. Мұндай жүйелердің мінез-құлқын басқару үшін көп компонентті араластырудың диффузиялық және конвективті кезеңдеріндегі сияқты аралас масса алмасудың ерекшеліктері туралы жаңа білім қажет.

Әр түрлі геометриялық конфигурацияның тік арналарында жүргізілген тәжірибелер сериясы диффузия – конвекция режимдерінің өзгеру шекарасында изотермиялық көп компонентті араласу кезінде белгілі бір жағдайларда құрылымдық ағымдар пайда болатындығын көрсетті. Мұндай араластыру диффузияға тән емес. Пайда болған конвективті тасымалдаудың қарқындылығы күрделі түрде қысымға, қоспаның бастапқы құрамына, басқа термофизикалық параметрлерге және арнаның геометриялық сипаттамаларына байланысты [2]. Көлеңке әдісімен визуалды бақылау конвективті ағымдардың сипаттамалық ерекшеліктерін көрсетті.

Режимдердің өзгеруін анықтайтын ауысуды тұрақтылық теориясы шеңберінде көп компонентті жүйелер үшін жазылған қатты орта механикасының теңдеулері мен орта күйінің теңдеулерін бірлесіп шешуден алуға болады [3]. Кинетикалық режимдердің өзгеру шекаралары Рэлей сандары тұрғысынан анықталады және кейбір жағдайларда қоспаның механикалық тепе-теңдігі тұрақсыз болуы мүмкін, бұл конвекцияны тудырады. Конвективті құрылымның қалыптасуы және оның кейінгі эволюциясы сандық түрде зерттеледі.

Газ қоспаларындағы тасымалдау процестерін түсіну ерекше қызығушылық тудырады, өйткені олар шығарындыларды есептеудің және пайдаланылған газ қоспаларын тасымалдаудың инновациялық әдістерін құрудың негізі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Gershuni G.Z., Zhukhovitskii E.M. Convective Stability of Incompressible Fluids. – Jerusalem: Keter Publishing House, 1976. – 336 p.

2. Косов В.Н., Кульжанов Д.У., Жаврин Ю.И., Красиков С.А., Федоренко О.В. Особенности разделения углеводородных газовых смесей при конвективной диффузии. Алматы: MV-Принт, 2014. – 144 с.

3. Zhakebayev D., Fedorenko O., Kossov V., Zhumali A., Mukamedenkyzy V., Karuna O. Simulation of concentration convection in an inclined channel // Heat Transfer Research. – 2022. – Vol. 53(15). – P. 39 – 52.